

FTAMP 14.35.07

DOI: [10.59102/kufil/2025/iss4pp287-302](https://doi.org/10.59102/kufil/2025/iss4pp287-302)

А. Дәуренқызы¹, С.З. Исабекова²

¹Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, 010000, Қазақстан

²Астана халықаралық университеті, Астана, 010000, Қазақстан

ШЕТТІЛДІК КӘСІБИ-КОММУНИКАТИВТІ ҚҰЗЫРЕТТІЛІКТІ ОНЛАЙН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ МОДЕЛІ

Бұл мақала аграрлық жоғары оқу орындары студенттерінің шеттілдік кәсіби-коммуникативтік құзыреттілігін онлайн форматта қалыптастырудың ағымдағы жағдайын қарастырады. Зерттеу жұмысы онлайн оқытудың тиімділігі және оның кәсіби контекстегі шеттілдік құзыреттілікті қалыптастыру үдерісіне әсерін анықтайды. Мақаланың мақсаты аграрлық жоғары оқу орындары студенттері үшін маңызды аспектілерге назар аудара отырып, осы тақырып бойынша бұрын жасалған зерттеулерді жүйелеу және талдау болып табылады. Мақала онлайн оқу форматы барысында шеттілдік кәсіби-коммуникативтік құзыреттілікті қалыптастыру туралы шетелдік және отандық тенденциялар мен модельдерге шолу жасай отырып, олардың ең тиімді нұсқаларына тоқталады. Жұмыстың ғылыми маңыздылығы аграрлық жоғары оқу орындарында онлайн білім беру контекстінде шеттілдік кәсіби-коммуникативтік құзыреттіліктің дамуын зерттеу қазіргі білім беру парадигмалары шеңберіндегі тиімді білім беру стратегиялары туралы теориялық түсінікті толықтырады. Зерттеу жұмысы барысында қолданылған зерттеу әдістері онлайн форматта шеттілдік кәсіби-коммуникативтік құзыреттілікті қалыптастыруға байланысты ғылыми мақалаларды, жарияланымдарды, зерттеу жұмыстарын талдауға және студенттер арасында жүргізілген сауалнамаға негізделген. Мақала аграрлық жоғары оқу орындары студенттері үшін онлайн форматта кәсіби бағытталған шетел тілін оқытудың тиімді стратегияларын одан әрі зерттеу және әзірлеудің алғышарты бола алады. Зерттеу жұмысы нәтижелерін жоғары оқу орындары оқытушылары, онлайн-курстарды әзірлеушілер және аграрлық жоғары оқу орындары әкімшілігі онлайн ортада шеттілдік кәсіби-коммуникативтік құзыреттілікті қалыптастыруға қойылатын заманауи талаптарға сәйкес оқыту үлгілері мен әдістерін бейімдеу үшін пайдалана алады.

Кілт сөздер: шеттілдік кәсіби-коммуникативтік құзыреттілік, онлайн оқу, ауыл шаруашылығы секторы, аграрлық университет түлектері, негізгі стратегиялар, құзыреттілік моделі.

НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕР

"Коммуникативті құзыреттілік" ұғымын алғаш рет Америкалық ғалым Д.Хаймс әртүрлі коммуникативті жағдайларда қолайлы грамматикалық құралдарды таңдау мүмкіндігі ретінде енгізді. Кейінгі зерттеулерінде ол – шеттілдік-коммуникативті құзыреттіліктің лингвистикалық, социолингвистикалық, дискурсивті және стратегиялық компоненттерін атап өтті. Д. Хаймс коммуникативті құзыреттіліктің коммуникативті оқиғаны әлеуметтік-мәдени контекстінде талдау моделін ұсынады. Оның моделі коммуникацияны келесі сұрақтар негізінде, яғни: *What to say? When? Whom? How? What is the intention of the speaker?* сияқты негізгі параметрлерді көрсетеді. Бұл параметрлер жиынтығы өзінің прагматикалық, фокустық және функционалды аспектілерінде 1980 жылдардан бастап шеттілдік білім беру әдіснамасында тілді оқытуға арналған нұсқаулық ретінде қызмет етеді [1, 269-293].

ТМД мемлекеттері ғалымдары да өз тұрғысынан, студенттердің шеттілдік-коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыру жайлы бірқатар зерттеулер жүргізді.

Д. Бабаев, Б. Сайпидинова, А. Бабаева, Б. Алиева, З. Абдуллаева "коммуникативті құзыреттілік" ұғымының сапалық ерекшелігін сипаттай отырып, келесі қасиеттердің жиынтығы деп санайды:

- адамның әртүрлі әлеуметтік және кәсіби рөлдерді қабылдау және орындау қабілеті;
- әлеуметтік және кәсіби жағдайларға бейімделу қабілеті;
- ауызша және вербалды емес қарым-қатынас құралдарын еркін меңгере білу қабілеті;
- адамдармен белсенді қарым-қатынас процесінде "тұлғааралық кеңістікті" ұйымдастыру және басқару қабілеті;
- өзінің құндылық бағдарларын, қажеттіліктерін түсіну қабілеті, –деп атап көрсетті ғалым [2, 4].

Е. И. Байгузина: “шетілдік-коммуникативтік құзыреттілікті” адамның нақты жағдайға, нақты нысаналы тәсілге, коммуникативтік ниетке және кәсіби қызметтің міндеттеріне сәйкес шетел тіліндегі мәлімдемелерді түсінуге және қалыптастыруға дайындығы мен қабілеті”, –деп қарастырды. “Шетілдік кәсіби коммуникативті құзыреттілікті қалыптастыру–шетел тілі курсының оқыту процесінде студенттің жеке тұлға ретінде қалыптасуында жетекші рөл атқарады және шетел тіліндегі ақпараттық ортада тиімді қарым-қатынас жасау, кәсіби және өмірлік міндеттерді сындарлы түрде шешу қабілетінен тұрады”, – деп тұжырымдайды ғалым. Жеке тұлғаның коммуникативті құзыреттілігінің маңызды құрамдас бөлігі бола отырып, шетілдік кәсіби коммуникативті құзыреттіліктің өзіндік құрылымы бар, оған лингвистикалық, дискурсивті, стратегиялық, прагматикалық, әлеуметтік-мәдени компоненттер кіреді. Тілдік емес ЖОО жағдайында шетілдік коммуникативтік құзыреттілікті қалыптастыру процесі қазіргі заманғы ақпараттық-коммуникативтік оқыту технологияларын қолдану негізінде жұмыстың аудиториялық, дербес нысандарын қосу арқылы кеңістік-уақыт шеңберін кеңейтумен және тілдік дайындықты тереңдетумен қамтамасыз етіледі, –деп қорытындылайды [3, 38].


Сонымен қатар, Қазақстандық ғалымдар, соның ішінде С.С. Құнанбаева, А. Т. Чакликова, К. К. Дүйсекова, Ж.Т. Жылтырова, Т. В. Михайлова студенттердің шетілдік кәсіби-коммуникативтік құзыреттіліктерін қалыптастыру бойынша кешенді зерттеулер жүргізді.

"Құзыреттілік" терминіне С. С. Құнанбаеваның "Қазіргі шетілдік білім берудің теориясы мен практикасы" атты еңбегінде төмендегідей анықтама берілген:

1. Тұлғаның интеллектуалды және кәсіби дамуының акмеологиялық категориясы мен әлеуеті, оның сипаттамасы білім беру процесінде жүйелі сапалы неоплазмалар ретінде танылуы керек құзырет болып табылады.

2. “Құзыреттілік – бұл, білім берудің интегративтік сипаттамасы, яғни компетенция немесе компетенттілік, білім берудің соңғы нәтижесі болып табылатын өзекті бөлшек” [4, 92].

Кейінірек, бұл ұғымды Канадалық М.Канел мен М. Свейн шетел тілін үйрену аясында қарастырды. Олар келесі Сурет 1-де ұсынылған құзыреттіліктің төрт компонентін анықтады:



Сурет 1. Коммуникативтік құзыреттілік моделі (М.Канел мен М. Свейн бойынша)

М.Канел мен М. Свейн коммуникативті құзыреттілікті қарым-қатынас үшін қажетті білім мен дағдылардың негізгі жүйесінің синтезі ретінде түсіндіреді. Олардың пікірінше, шеттілдік кәсіби-коммуникативтік құзыреттіліктің үш түрлі негізгі қағидаттары бар: негізгі грамматикалық принциптерді білу (грамматикалық құзыреттілік), коммуникативті функцияларды орындау үшін тілді әлеуметтік контексте қалай пайдалану керектігін білу (социолингвистикалық құзыреттілік) және дискурс принциптерін ескере отырып (дискурстық құзыреттілік және стратегиялық құзыреттілік), коммуникативті функцияларды қалай біріктіру қажеттілігін білу секілді негізгі қағидаттарын қамтиды [5, 27-31].

Британдық ғалымдар Л. Бахман және А. Пальмердің ұсынған, төмендегі Сурет 2-де көрсетілген моделінде тілдік құзыреттілік негізгі екі компоненттен тұрады, олар өз кезегінде тағы да 4 компонентке бөлінеді [6, 449]:



Сурет 2. Тілдік (коммуникативтік) құзыреттілік моделі (Л. Бахман және А. Пальмер бойынша)

М. А. Серебрянникова Қазақстан Республикасының жоғары оқу орындарында тілдік емес мамандық студенттерінің кәсіби-коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыру мәселесін қарастыра отырып, студенттердің шеттілдік кәсіби қарым-қатынасқа дайындығының төмендегі Сурет 3-те көрсетілгендей моделін ұсынып, оны келесі компоненттерге негіздеген [7, 142]:



Сурет 3. Студенттердің шеттілдік кәсіби қарым-қатынас жасауға дайындық моделі (М. А. Серебрянникова бойынша)


Жоғарыдағы Сурет 3-те М. А. Серебрянникова Қазақстанның жоғары оқу орындарында тілдік емес мамандықтар бойынша шеттілдік кәсіптік білім беруді ұйымдастырудың моделін ұсынған. Алайда, бұл модельде оқытудың онлайн форматы ауқымды түрде қарастырылмаған еді.

Сонымен қатар, Т. Кугильдинованың айтуынша, Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университеті жанындағы оқу-әдістемелік бірлестік С.С. Құнанбаеваның төрағалығымен қазіргі еңбек нарығының талаптарын ескере отырып, тілдік емес жоғары оқу орындары студенттерінің шеттілдік кәсіби-коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастырудың компетентті моделін әзірледі. Бұл модельдің басқа модельдерден басымдылығы – пәнге бағытталған зерттеулерге емес, кәсіби және өндірістік талаптарға негізделуінде еді [8, 9-10].

Академик С.С.Құнанбаева ұсынған шеттілдік кәсіби-коммуникативтік құзыреттілікті қалыптастырудың компетентті моделі төмендегі Сурет 4-те көрсетілгендей, келесі блоктарды қамтиды:

- Азаматтық қоғамдағы тұлғаның өзін-өзі ұстауы негізіндегі ақпаратты, коммуникацияны, әлеуметтік-құқықтық заңнамаларды пайдалана отырып, кәсіптік тапсырмаларды шешуге бағытталған “негізгі құзыреттіліктер” болып саналатын, кәсіби бағдарланған компетенциялар.
- Мәдениетаралық-коммуникативтік құзыреттілік–кәсіби-шеттілдік және халықаралық саладағы дайындық үшін маңызды блок.

- с) Кәсіби негізделген блок–нақты кәсіби саладағы, атап айтқанда: педагогика, филология, халықаралық қатынастар, экономика және аграрлық шаруашылықта кәсіби іс жүргізу үшін қажетті қабілеттер мен даярлықтың базалық құзыреттілігі ретінде қарастырылады.
- д) Кәсіби сәйкестендіру блогы. Бұл блокта–арнайы мамандыққа арналған құзыреттіліктер қарастырылады. Яғни, белгілі бір кәсіби саладағы пәндік ерекшеліктерді негізге алады. Арнайы кәсіби саладағы негізгі және базалық құзыреттіліктерді қалыптастыру жүзеге асады.



Сурет 4. Бакалавр студентінің компетенттік моделі (С. С. Құнанбаева бойынша)

Сонымен, XX ғасырда ғалымдар шеттілдік-коммуникативтік құзыреттілікті – тілдің грамматикасы мен лексикасын білуді, сөйлемдерді дұрыс құра білуді, шетел тілін еркін түсінуді, тілдің мәдени және әлеуметтік аспектілерін талдауды және түсінуді, коммуникативтік мақсаттарға жету үшін тілдік дағдылар мен стратегияларды қолдануды қамтитын ұғым ретінде қарастырды. Кейінірек, С.С. Құнанбаева маманның кәсіби құзыреттілігін – әр-түрлі кәсіби бірлестіктерде бейімделуі, өнімді қызмет етуге керекті мәдени, және еңбек ету, салааралық білім іскерліктері мен қабілеттіктері және шеттілдік ортада шетел тілін қолдана білуін қамтамасыз ететін құзіреттіліктер жиынтығы,-деп анықтайды. Осылайша, шетелдік және отандық ғалымдардың берген анықтамаларын саралай келе, шеттілдік кәсіби коммуникативті құзыреттілік–бұл адамның әртүрлі әлеуметтік және кәсіби жағдайларда тиімді қарым-қатынас жасау үшін шетел тілін қолдану қабілеті деп түсінуге болады. Ол – шетел тілін орынды және тиімді пайдаланудың қажетті алғышарты болып табылады.

КІРІСПЕ

Кез-келген маманның кәсіби өмірінде үйлесімді дамуы үшін шетел тілін білу маңызды әлеуметтік алғышарт болып табылады. Президенттің 2023 жылғы «Жаңа Қазақстан: жаңару мен жаңғыру жолы» атты саяси реформалар жөніндегі жолдауында аграрлық саланы дамытуды қолға алу қажеттігін айтқан болатын [9]. Қазақстанның аграрлық орталыққа айналуы барысында нақты серпіліс керек екендігі күмән тудырмайды. Соның ішінде, ауылшаруашылығы өнімдерін толыққанды қамтып, артылғанын сыртқа экспорттау – маңызды аспектінің бірі болып табылады. Осы орайда, Қазақстан, шетелдік әріптестермен тиімді серіктестік құруы үшін, аграрлық жоғары оқу орындары (бұдан әрі ЖОО) студенттерінің шеттілдік кәсіби-коммуникативтік құзіреттіліктерін дамыту мәселесі туындады. Алайда, іс жүзінде тілдік емес жоғары оқу орындарының студенттері шетел тілін тиімді кәсіби қарым-қатынасқа кепілдік бере алатын деңгейде әлі де меңгермегендігі аян

(осы мақаланы дайындау барысында жүргізілген сауалнамадағы ақпаратқа сүйенсек, аграрлық ЖОО студенттерінің 78%-ы, олардың шеттілдік кәсіби-коммуникативтік құзыреттіліктері қазіргі заманғы аграрлық еңбек нарығының талаптарына толықтай емес, ішінара ғана сәйкес келетінін айтқан еді).

Осы тұста, мамандандырылған аккредиттеу шеңберінде білім беру бағдарламаларының өзін-өзі бағалау жөніндегі есебіне сәйкес, С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университетінің 2025 жылға дейінгі стратегиясы–бірегей оқу бағдарламалары мен академиялық ұтқырлық негізінде оқыту деңгейін, мазмұнын, нысаны мен мерзімдерін таңдаудың кең мүмкіндіктерін ұсыну арқылы мамандар мен ғылыми-педагогикалық кадрларды озық даярлаудың халықаралық стандарттарына сәйкес келетін Қазақстандағы ең үздік жүйені құру болып табылатынын атап өткен жөн. Осы тұста университеттің стратегиялық міндеттері – әлемде жалпы қабылданған стандарттарға сәйкес жетіспейтін құзыреттерді трансферттеу және түлектерді даярлау мақсатында көптілді оқытуды дамыту және ағылшын тілінде еркін коммуникацияға мүмкіндік беретін тілдік ортаны қалыптастыру болып бекітілген еді [10, 14]. Бұндай стратегиялық міндеттер–аграрлық университет студенттерінің кәсіби құзыреттілігін қалыптастырудың жоғары деңгейін қамтамасыз ететін кәсіптік даярлаудың жаңа тәсілдерін іздеуді талап етеді.

Сонымен қатар, 2019-2020 жылдары аралығында адамзаттың өмір сүру салтын түбегейлі өзгерткен КОВИД пандемиясы Қазақстанның, әлемнің көптеген елдері сияқты онлайн білім беруге ауқымды және бір мезгілде көшуге дайын еместігін көрсетті [11]. Осынау жағдай, еліміздің кез-келген саласы кез-келген уақытта онлайн оқу форматына көшуге дайын болуы қажеттігін айқындап берді.

Осы орайда, аграрлық мамандық студенттерінің шеттілдік кәсіби-коммуникативтік құзыреттілігін онлайн оқыту жағдайында қалыптастыру мәселесі өз шешімін қажет ететін тағы да бір өзекті мәселе болып тұр. Бұл мәселенің шешімі ретінде онлайн оқыту жағдайында аграрлық бағыттағы жоғары оқу орындарында шеттілдік кәсіби-коммуникативтік құзыреттілікті қалыптастыру бойынша әдістемелік модель ұсынылады.

Мақаланың мақсаты аграрлық жоғары оқу орындары студенттерінің шеттілдік кәсіби-коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастырудағы маңызды аспектілерге назар аудара отырып, осы тақырып бойынша бұрын жасалған зерттеулерді жүйелеу және студенттер арасында жүргізілген сауалнама нәтижелері бойынша осынау процестің ағымдағы жай-күйін талдау және аграрлық бағыттағы жоғары оқу орындарында шеттілдік кәсіби-коммуникативтік құзыреттілікті қалыптастыру бойынша әдістемелік модель ұсыну.

Зерттеу жұмысында онлайн форматта шеттілдік кәсіби-коммуникативтік құзыреттілікті қалыптастыру мәселесіне байланысты ғылыми мақалаларға, жарияланымдарға, зерттеу жұмыстарына талдау жүргізілді. Сонымен қатар, мақалада Аграрлық жоғары оқу орындары студенттері арасында жүргізілген сауалнама (сандық зерттеу әдістері (quantitative methods)) нәтижелеріне математикалық статистика әдісімен өңдеу жасалды. Бұл жұмыста ұсынылған модель–аграрлық жоғары оқу орындары студенттері үшін онлайн форматта кәсіби бағытталған шетел тілін оқытудың тиімді тәсілі ретінде қарастырылып, кейінгі зерттеулердің теориялық және практикалық алғышарты бола алады. Мақалада жасалған қорытындылар–ЖОО оқытушыларына, онлайн-курстарды әзірлеушілерге және аграрлық ЖОО әкімшілігіне онлайн ортада шеттілдік кәсіби-коммуникативтік құзыреттілікті қалыптастыруға қойылатын заманауи талаптарға сәйкес оқыту үлгілері мен әдістерін дамыту процесіне нұсқаулық ретінде ұсынылады.

МАТЕРИАЛДАР МЕН ӘДІСТЕР

Зерттеу келесі кезеңдерді қамтиды:

1) Аграрлық мамандық түлектерінің кәсіби-коммуникативтік құзыреттілігін онлайн жағдайда қалыптастыру мәселесі бойынша Қазақстандық және шетелдік ғалымдардың зерттеулерін теориялық талдау;

2) Аграрлық жоғары оқу орындарындағы шеттілдік кәсіби-коммуникативтік құзыреттілікті онлайн жағдайда қалыптастыру процесінің жай-күйін студенттер мен оқытушылар арасында сауалнама жүргізу;

3) Сауалнамада қабылданған жауаптарды математикалық статистика әдісімен талдау.

Зерттеудің келесі әдістері анықталды:

1. Теориялық әдістер: шеттілдік білім беру теориясы мен әдіснамасы саласындағы ғылыми, әдістемелік, оқу-әдістемелік, психо-педагогикалық әдебиеттерді сыни тұрғыдан талдау жүргізілді. Тілдік пәндер бойынша нормативтік-құқықтық актілер мен құжаттарды, қолданыстағы типтік оқу бағдарламаларын талдау, аграрлық бейіндегі студенттерді шеттілдік даярлау бойынша оқу бағдарламалары мен оқу құралдарына талдау жүргізілді.

2. Эмпирикалық әдістер: сауалнама әдісі. Сауалнама әдісі-сандық зерттеу (quantitative) әдісі ретінде таңдалды.

3. Статистикалық әдістер: математикалық статистика әдісімен алынған материалдар мен

Онлайн білім беру жағдайында студенттердің шеттілдік кәсіби-коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыру процесінің қазіргі жағдайын және бұл процестің сәтті іске асуына әсер ететінін факторларларды анықтау барысында Америкалық профессорлар М. Селче-Мурсия және Д. Хаймс, ТМД мемлекеттері ғалымдары Д. Бабаев, Б. Сайпидинова, А. Бабаева, Б. Алиева, З. Абдуллаева, Е. И. Байгузина, А. В. Хуторской, Қазақстандық ғалымдар С.С. Құнанбаева, А. Т. Чакликова [12, 36], К. К. Дүйсекова, Ж.Т. Жылтырова [13, 78], М. А. Серебрянникова, Т. В. Михайлова [14, 48], Канадалық М.Канел мен М. Свейн, Британдық ғалымдар Л. Бахман және А. Пальмердің зерттеулеріне талдау жасалды.

Сонымен қатар, зерттеу жұмысы барысында Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319 Білім туралы заңы және Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2022 жылғы 20 шілдедегі № 2 бұйрығы қарастырылды.

Зерттеу гипотезасы:

Аграрлық ЖОО студенттерінің шеттілдік кәсіби-коммуникативті құзіреттілігін онлайн қалыптастыру олардың кәсіби даярлық деңгейіне тікелей ықпал етеді деп болжанады. Себебі онлайн білім беру ортасында:

а) Шеттілдік кәсіби-коммуникативті дағдыларды аутенттік (түпнұсқадағы) материалдарды (видеожазбалар, подкасттар және аграрлық компаниялар мен ұйымдардың веб-сайттары: FAO, USDA, Agronews) қолдана отырып қалыптастыруға мүмкіндік береді;

б) Студенттің жеке оқу траекториясын құруға жағдай жасайды;

с) Заманауи білім беру парадигмасымен ұштасатын flexible (икемді) және интерактивті әдістерді қолдануға жол ашады.

Жоғарыда ұсынылған ақпаратты ескере отыра, егер аграрлық ЖОО-ларда онлайн оқыту тиімді модельдер мен әдістер негізінде жүзеге асырылса, онда студенттердің шеттілдік кәсіби-коммуникативті құзіреттілігінің қалыптасу деңгейі жоғарылайды, және бұл олардың кәсіби даярлығына оң әсерін тигізеді.

Зерттеудің екінші кезеңінде – Аграрлық жоғары оқу орындарында шеттілдік кәсіби-коммуникативтік құзыреттілікті қалыптастыруды талдау және ұсынылған гипотезаны тексеру үшін аграрлық мамандық бойынша білім алатын 1 және 2 курс студенттері арасында онлайн, анонимді сауалнама жүргізілді. Сауалнама – аграрлық жоғары оқу орындарында шеттілдік кәсіби-коммуникативтік құзыреттілікті қалыптастыру процесінің ағымдағы жай-күйі мен тиімділігін анықтау барысында студенттердің пікірлерін талдау, негізгі проблемалық сәттерді анықтау, сондай-ақ осы процесті онлайн-форматта іске асыру бойынша ұсыныстарды айқындау мақсатында жүргізілді. Сауалнамаға жалпы саны 100 респондент қатысты. Сауалнама онлайн түрде жүргізілгендіктен, респонденттерге сауалнама

сұрақтары ұсынылған Google Forms-қа сілтеме әлеуметтік желілер арқылы жіберілді. Сұрақтар – аграрлық мамандық студенттерінің кәсіби дағдылары мен шеттілдік білім берудің қазіргі жағдаятын ескере отырып құрастырылды.

Кейіннен, зерттеудің үшінші кезеңінде сауалнама барысында алынған материалдар мен нәтижелер математикалық статистика әдісі арқылы өңделді.

НӘТИЖЕЛЕР


Жүргізілген сауалнаманың нәтижесінде, аграрлық жоғары оқу орындары студенттерінің шетел тілін білудің маңыздылығын жоғары қоятындығы анықталды. Респонденттердің 77%-ы олардың кәсіби бағытында шетел тілінің маңыздылығын “өте жоғары” деп бағалады. Сонымен қатар, студенттердің шеттілдік білім деңгейі аграрлық кәсіп саласындағы карьераға оң әсер ететініне респонденттердің 48%-ы “келісемін”-деп жауап берсе, 35%-ы “толықтай келісемін”, 15%-ы “бейтарап”, тек қана 2%-ы “келіспеймін” деген нұсқаларды таңдады. Келесі сұрақ төмендегі формада ұсынылды: “Аудиториядағы дәстүрлі оқытумен салыстырғанда онлайн білім берудің тиімділігін қалай бағалайсыз? 1-ден 5-ке дейінгі шкала бойынша бағалаңыз, мұнда 1 - "мүлдем тиімді емес", 5 - "өте тиімді".”. Бұл сұраққа Сурет 5-те ұсынылған жауаптар қабылданды:



Сурет 5. Аграрлық ЖОО студенттерінің жүргізілген сауалнамаға берген жауаптары

Жоғарыдағы бірінші суретте ұсынылған ақпаратқа сәйкес, респонденттердің басым көпшілігі, яғни 35%-ы онлайн білімнің өте тиімділігін атап өтсе, 28%-ы “тиімді” деп таныды.

Келесі сұрақ: Сіздің ойыңызша, шеттілдік кәсіби-коммуникативтік құзыреттілік шеңберіндегі қандай дағдылар аграрлық ЖОО студенттері үшін маңызды? (2 нұсқаны таңдауға болады)-сұрағына төмендегі 6-шы суретте көрсетілген жауаптар алынды:



Сурет 6. Аграрлық ЖОО студенттерінің жүргізілген сауалнамаға берген жауаптары

Жоғарыда 2-ші суретте ұсынылған ақпаратқа сүйенсек, шеттілдік кәсіби-коммуникативтік құзыреттілікті қалыптастыруда ең маңыздысы коммуникативті құзыреттілік екені анықталды, яғни іскерлік қарым-қатынастар және презентацияларды жүргізу құзыреттілігін респонденттердің 78%-ы таңдады. Ал, мәдени ерекшеліктер мен коммуникация нормаларының маңыздылығын респонденттердің 50%-ы таңдаса, жазбаша коммуникацияны 35% және кәсіби бағытталған әдебиеттерді оқу және талдау құзыреттілігін 34%-ы таңдаған еді. Осынау сауалнама нәтижелерін есепке ала отырып, аграрлық бейімдегі студенттерге арналған "Professionally oriented English" пәні бойынша силлабустың оқу бағдарламасына сай күтілетін оқыту нәтижелерінің студенттер сұранысына сәйкестігі талданды. Оқыту нәтижелері:

1. Кәсіби серіктестің, мәтін авторларының коммуникативті ниеттерін қажетті деңгейде толық түсіну;
2. Оқытылатын тілдің әлеуметтік мәдени нормаларына сәйкестігін ескере отырып тиісті тілдік құралдарды дұрыс таңдау және орынды пайдалану кезінде өздерінің коммуникативті ниеттерін білдіре алуы;
3. Сөйлеу типіне сәйкес келетін, логикалық құрылымы бар коммуникативті ниетке сәйкес сөйлеу/коммуникация формасы мен түрін таңдау;
4. Коммуникативті актіні құру стратегиясы мен тактикасын дұрыс меңгеру;
5. Қарым-қатынастың коммуникативті жағдайларында негізгі лексикалық және грамматикалық құралдарды тану және тиімді пайдалану;
6. Жалпы мәдени және кәсіби тақырыптар шеңберінде шеттілдік диалогтық және монологтық сөйлеуді түсіну;
7. Оқу бағдарламасында қарастырылған ең көп таралған стандартты коммуникативті жағдайларда нақты коммуникативті мәселелерді шешуге бағытталған тілдік материалды комбинациялау қабілеті,- секілді нәтижелер анықталды.

ТАЛҚЫЛАУ

Мақаланың нәтижелер бөлімінде айтылған құзыреттіліктерді тұтастай қамтитындай және жоғарыда Сурет 1, Сурет 2, Сурет 3, Сурет 4-те көрсетілген модельдерді салыстыра келе және жүргізілген зерттеу нәтижелерін талдай отырып, аграрлық мамандық студенттерінің шеттілдік кәсіби-коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыру моделі **Input – Process – Output** қағидасына сүйене отырып құрастырылды. Төменде, Сурет 7-де модельдің толық нұсқасы ұсынылды. Мұндағы **Input** онлайн білім беру үдерісінің кіріктірілуіне қажетті шарт-жағдайларды қарастырады. Яғни, ең алдымен студенттерге Moodle, Google Meet, MS Teams, moos.kz платформаларында онлайн курстар ұсыну және мобильдік қосымшаларды лекциялармен интеграциялау арқылы онлайн білім беру ортасы құрылады. Кейіннен, **Process** кезеңінде онлайн байланыс орнату, кәсіби бағытталған аутенттік (түпнұсқадағы) ресурстарды қолдану және автоматтандырылған онлайн бақылау жүйесін дамыту арқылы онлайн білім беру іске асырылады. Бұл кезең, студенттердің онлайн білім беру үдерісіне белсенді қатысуын қамтамасыз етуге және шетел тілін кәсіби коммуникацияның маңызды жағдаяттарында тәжірибелік қолдану құзыреттілігін қалыптастыруға бағытталған. Ал, **Output** кезеңі оқыту нәтижелерін сипаттайды. Яғни, студенттердің шеттілдік кәсіби-коммуникативті құзыреттілігінің қалыптасқанын көрсетеді. Студенттердің шеттілдік кәсіби-коммуникативті құзыреттілігі төмендегі құзыреттерді қамтиды:

- 1) **Лингвистикалық құзырет:** Студенттердің кәсіби бағыттағы сөздер мен сөз тіркестерін түсінуі, шеттілдік кәсіби-коммуникацияға қажетті фразаларды, етістіктер мен сөз тіркестерін қолдана алуы, арнайы кәсіптік бағыттағы лексикалық базасының қалыптасуын қарастырады.
- 2) **Стратегиялық құзырет:** Студенттердің кәсіби коммуникация барысында туындауы мүмкін қиындықтарды жеңуге бағытталған стратегияларды меңгеруін анықтайды,

мысалы: paraphrasing (парафразалау), синонимдердің кең спектрін қолдану, нақтылау сұрақтарын қою және т.б.

- 3) **Мәдениетаралық-коммуникативтік құзыреттілік:** Студенттердің кәсіби коммуникацияда кәсіби серіктестер арасындағы мәдени айырмашылықты түсінуі, өзге мәдениет өкілдерімен тиімді қарым-қатынас жасауы, этикетті сақтауы және мәдени ерекшеліктерге толеранттылық танытуы.
- 4) **Кәсіби бағдарланған құзырет:** Кәсіби коммуникацияның жанрлары мен стильдеріне сәйкес келетін дәйекті және логикалық мәлімдемелер жасау мүмкіндігі: есептер (айлық есептер, жылдық есептер), іскери хаттар, техникалық құжаттар.





Сурет 7. Шеттілдік кәсіби-коммуникативті құзыреттілікті онлайн қалыптастырудың теориялық моделі

Модельдің негізгі принциптері:

- а) Модельдің аграрлық қызмет пен осы саладағы кәсіби талаптарға мамандандырылуы.
- б) Тілдік дайындық пен кәсіби ерекшелікті біріктіретін кешенді тәсілге негізделуі.
- с) Аграрлық саланың нақты жағдайларында құзыреттілікті практикалық тұрғыда қалыптастыру.

ҚОРЫТЫНДЫ

Әлемдік экономикадағы, ғылыми зерттеулер мен білім саласындағы халықаралық интеграция – жаһандану дәуірінің айқын көрінісі нәтижесінде дамыды. Бұл адамдардың кез-келген салада халықаралық серіктестермен тиімді қарым-қатынас жасау үшін шеттілдік кәсіби-коммуникативті құзыреттілігін қалыптастыру қажеттілігі туралы мәселеге әкелді. Азаматтардың халықаралық ынтымақтастық пен диалог негізінде кәсіби қызметті жоспарлау қабілеті, сондай-ақ тәуелсіздігі мен тапқырлығы олардың кәсіби қызметінің сәттілігімен тікелей байланысты. Алайда күн тәртібінде тілдік емес жоғары оқу орындарының түлектерінде, оның ішінде аграрлық жоғары оқу орындарының студенттерінде шеттілдік кәсіби-коммуникативтік құзыреттіліктің тиісті деңгейін қалыптастыру тақырыбы тұр. Сонымен қатар, бүгінгі таңда, білім жүйесі–кез-келген жағдайға бейімделген стратегиялар мен әдістердің тұтастай парадигмасы ретінде қарастырылғандықтан, онлайн оқыту форматына арналған кешенді әдістемелік жүйеге деген сұраныс туындаған еді. Осылайша, бұл мақалада аграрлық университеттер студенттерінің шеттілдік кәсіби-коммуникативті құзыреттілігін онлайн жағдайда қалыптастыру мәселесі тұсында жасалған шетелдік және отандық ғалымдардың зерттеулеріне талдау жасалды. Сондай-ақ, аграрлық жоғары оқу орындары студенттерінің шеттілдік кәсіби-коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастырудағы маңызды аспектілерге назар аудара отырып, осы тақырып бойынша бұрын жасалған зерттеулерді жүйеленді және студенттер арасында жүргізілген сауалнама нәтижелері бойынша осынау процестің ағымдағы жай-күйі талданды. Сонымен қатар, зерттеу жұмысы нәтижесінде:

1. Онлайн оқу форматы барысында шеттілдік кәсіби-коммуникативтік құзыреттілікті қалыптастыру туралы шетелдік және отандық тенденциялар мен модельдерге шолу жасалды.

2. Аграрлық жоғары оқу орындарындағы шеттілдік кәсіби-коммуникативтік құзыреттілікті онлайн жағдайда қалыптастыру процесінің жағдайы студенттер мен оқытушылар арасында жүргізілген сауалнама нәтижелері бойынша анықталды.

3. Аграрлық жоғары оқу орындары студенттерінің шеттілдік кәсіби-коммуникативтік құзыреттілігін онлайн форматта қалыптастыру моделінің ең тиімді нұсқасы ұсынылды.

Мақалада – аграрлық ЖОО студенттерінің шеттілдік кәсіби-коммуникативтік құзыреттілігін онлайн қалыптастыру–студенттердің кәсіби даярлық деңгейіне тікелей әсер ететіні жайлы гипотеза расталды. Зерттеу нәтижесінде, онлайн білім беру жағдайында студенттердің шеттілдік кәсіби-коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыру процесінің қазіргі жағдайы және бұл процестің сәтті іске асуына әсер ететін факторлар талданды.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 Hymes D.H. On Communicative Competence // Selected Readings. Harmondsworth: Penguin. – 1972. – P. 269–293.
- 2 Babaev D., Saipidinova B. Babaeva, A. Alieva, B. and Abdullaeva, Z. Information and Communicative Competence Development in Prospective Teachers // Creative Education. – 2020. – Т. 11. – № 1. С. 4. 10.4236/ce.2020.1112212.
- 3 Багузина Е.И. Веб-квест технология как дидактическое средство формирования иноязычной коммуникативной компетентности (на примере студентов неязыкового вуза): дисс. кан. пед. Наук. – Москва, 2012. – 38 с.
- 4 Құнанбаева С.С. Қазіргі шеттілдік білім берудің теориясы мен практикасы. – Алматы: ҚазХҚЖӨТУ, 2010. – 92 б.
- 5 Canale M., & Swain M. Theoretical bases of communicative approaches to second language teaching and testing // Applied Linguistics. – 1980. – № 1. – P. 1-47. <http://dx.doi.org/10.1093/applin/I.1.1>
- 6 Bachman L.F., & Palmer, A.S. The construct validation of some components of communicative proficiency // TESOL Quarterly. – 1982. – № 16. – P. 449-465. <https://doi.org/10.2307/3586464>
- 7 Серебряникова М.А. Формирование готовности студентов неязыковых специальностей к профессиональному общению на английском языке: дисс. канд. пед. Наук. – Астана: 2010, 142 с.
- 8 Кульгильдинова Т.А. Актуализация когнитивно-лингвокультурологической методологии иноязычного образования в свете антропоцентрической парадигмы // Известия КазУМОиМЯ имени Абылай хана. № 4 (63). – 2021. – С. 9-10.
- 9 Тоқаев Қ.К. «Жаңа Қазақстан: жаңару мен жаңғыру жолы». – 16.03.2022. [Электронды қор]–URL: <https://akorda.kz/kz/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevty-n-kazakstan-halkyna-zholdauy-1622340> (қол жеткізу күні: 27.01.2024).
- 10 Стыбаев Г.Ж., Мусынов К.М. Отчет по самооценке образовательных программ бакалавриата, магистратуры и докторантуры в рамках специализированной аккредитации НААР. – Астана: Некомерческое акционерное общество «Казахский агротехнический университет имени С.Сейфуллина», 2020. – 14 б.
- 11 Кусаинов Д. Коронавирус в Казахстане: вызовы в сфере среднего образования или как вынести оффлайн урок из [несостоявшегося] онлайн урока. Central Asian Analytical Network. – 20.04.2020. [Электронды қор]–URL:<https://www.caa-network.org/archives/tag/kazakhstan> (қол жеткізу күні: 04.01.2024)

- 12 Чакликова А.Т. Научно-теоретические основы формирования межкультурно-коммуникативной компетенции в условиях информатизации иноязычного образования: дисс. д-ра. пед. Наук. –Алматы, 2009. – 36 с.
- 13 Жылтырова Ж.Т. Теоретико-прикладные основы моделирования системы профессионально-иноязычной подготовки специалистов агроэкономического профиля: дисс. д-ра. филос. –Алматы, 2019. – 78 с.
- 14 Михайлова Т.В. Профессиональная иноязычная подготовка бакалавров на неязыковых факультетах // Языковое образование сегодня - векторы развития: материалы ежегодной международной научно-практической конференции-форума. – 2019. – С. 48. URL: <https://elibrary.ru/item.asp?id=42466713>.

Материал 01.10.2025 баспаға түсті

Теоретическая модель онлайн-формирования иноязычной профессионально-коммуникативной компетентности

А. Дауренқызы¹, С.З. Исабекова²

¹Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева, Астана, 010000, Казахстан

²Международный университет Астана, Астана, 010000, Казахстан

В данной статье рассматривается текущее состояние формирования иноязычной профессионально-коммуникативной компетенции студентов аграрных вузов в онлайн формате. Исследовательская работа определяет эффективность онлайн-обучения и его влияние на процесс формирования иноязычных компетенций в профессиональном контексте. Целью статьи является систематизация и анализ ранее проведенных исследований по этой теме с акцентом на важные аспекты для студентов аграрных вузов. В результате обзора зарубежных и отечественных исследований статье представлены наиболее эффективные варианты моделей формирования иноязычной профессионально-коммуникативной компетенции в процессе онлайн-обучения. Научная значимость работы заключается в том, что изучение формирования иноязычной профессионально-коммуникативной компетентности в контексте онлайн-образования в аграрных вузах дополняет теоретическое понимание эффективных образовательных стратегий в рамках современных образовательных парадигм. Методы исследования, примененные в статье основаны на анализе научных статей, публикаций, исследовательских работ, связанных с формированием иноязычной профессионально-коммуникативной компетенции в онлайн формате. Положения, выработанные в статье могут стать предпосылкой для разработки эффективных стратегий профессионально ориентированного обучения и формирования иноязычной профессионально-коммуникативной компетенции в условиях онлайн обучения. Результаты исследовательской работы могут быть использованы преподавателями вузов, разработчиками онлайн-курсов и администрацией аграрного вуза для адаптации моделей и методов обучения в соответствии с современными требованиями к формированию иноязычной профессионально-коммуникативной компетенции в онлайн среде.

Ключевые слова: Иноязычная профессионально-коммуникативная компетентность, онлайн-обучение, сельскохозяйственный сектор, выпускники аграрного университета, основные стратегии, модель компетенции.

СПИСОК ЛИТЕРАТУРЫ

- 1 Hymes D.H. On Communicative Competence // Selected Readings. Harmondsworth: Penguin. – 1972. – P. 269–293.
- 2 Babaev D., Saipidinova, B., Babaeva, A., Alieva, B. and Abdullaeva, Z. Information and Communicative Competence Development in Prospective Teachers // Creative Education. – 2020. – Т. 11. – № 1. С. 4. 10.4236/ce.2020.1112212.

- 3 Багузина Е.И. Веб-квест технология как дидактическое средство формирования иноязычной коммуникативной компетентности (на примере студентов неязыкового вуза): дисс. кан. пед. Наук. – Москва, 2012. – 38 с.
- 4 Құнанбаева С.С. Қазіргі шеттілдік білім берудің теориясы мен практикасы. – Алматы: ҚазХҚЖӘТУ, 2010. – 92 б.
- 5 Canale M., & Swain M. Theoretical bases of communicative approaches to second language teaching and testing // Applied Linguistics. – 1980. – № 1. – P. 1-47. <http://dx.doi.org/10.1093/applin/I.1.1>
- 6 Bachman L.F., & Palmer A.S. The construct validation of some components of communicative proficiency // TESOL Quarterly. – 1982. – № 16. – P. 449-465. <https://doi.org/10.2307/3586464>
- 7 Серебряникова М.А. Формирование готовности студентов неязыковых специальностей к профессиональному общению на английском языке: дисс. канд. пед. Наук. – Астана, 2010. – 142 с.
- 8 Кульгильдинов Т.А. Актуализация когнитивно-лингвокультурологической методологии иноязычного образования в свете антропоцентрической парадигмы // Известия КазУМОиМЯ имени Абылай хана. № 4 (63). –2021. – С. 9-10.
- 9 Тоқаев, Қ.К. «Жаңа Қазақстан: жаңару мен жаңғыру жолы». – 16.03.2022. [Электронды қор]–URL: <https://akorda.kz/kz/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevty-n-kazakstan-halkyna-zholdauy-1622340> (қол жеткізу күні: 27.01.2024).
- 10 Стыбаев Г.Ж., Мусынов К.М. Отчет по самооценке образовательных программ бакалавриата, магистратуры и докторантуры в рамках специализированной аккредитации НААР. – Астана: Некомерческое акционерное общество «Казахский агротехнический университет имени С.Сейфуллина», 2020. – 14 б.
- 11 Кусаинов Д. Коронавирус в Казахстане: вызовы в сфере среднего образования или как вынести оффлайн урок из [несостоявшегося] онлайн урока. Central Asian Analytical Network. – 20.04.2020. [Электронды қор]–URL:<https://www.caa-network.org/archives/tag/kazakhstan> (қол жеткізу күні: 04.01.2024)
- 12 Чакликова А.Т. Научно-теоретические основы формирования межкультурно-коммуникативной компетенции в условиях информатизации иноязычного образования: дисс. д-ра. пед. Наук. – Алматы, 2009. – 36 с.
- 13 Жылтырова Ж.Т. Теоретико-прикладные основы моделирования системы профессионально-иноязычной подготовки специалистов агроэкономического профиля: дисс. д-ра. филос. – Алматы, 2019. – 78 с.
- 14 Михайлова Т.В. Профессиональная иноязычная подготовка бакалавров на неязыковых факультетах // Языковое образование сегодня - векторы развития: материалы ежегодной международной научно-практической конференции-форума. – 2019. – С. 48. URL: <https://elibrary.ru/item.asp?id=42466713>.

Материал поступил в редакцию журнала 01.10.2025

The theoretical model of online formation of a foreign language professional-communicative competence

A. Daurenkyzy¹, S. Isabekova²

¹Eurasian National University named after L.N. Gumilyov, Astana, 010000, Republic of Kazakhstan

²Astana International University, Astana, 010000, Republic of Kazakhstan

This article examines the current state of foreign-language professional communicative competence formation among students of agricultural universities in an online learning environment. The study evaluates the effectiveness of online education and its impact on the development of foreign-language competencies in a professional context.

The purpose of the research is to systematize and analyze existing studies on this topic, with a focus on aspects particularly relevant to students of agricultural universities. The article presents an effective model for developing foreign-language professional communicative competence, drawing on both domestic and international trends and approaches to online learning.

The scientific significance of the study lies in its contribution to theoretical understanding of effective educational strategies for online professional language training, complementing modern educational paradigms. The research is based on the analysis of scientific articles, publications, and research papers related to online formation of foreign-language professional communicative competence.

The findings can serve as a foundation for further research and the development of strategies for professionally oriented foreign-language teaching in online formats. Practically, the results can be applied by university instructors, online course developers, and university administrators to adapt teaching models and methods to contemporary requirements, thereby enhancing the effectiveness of foreign-language professional competence formation in online educational environments.

Key words: Foreign language professional-communicative competence, online learning, agricultural sector, graduates of the agrarian university, basic strategies, competence model.

REFERENCES

- 1 Hymes, D.H. On Communicative Competence // Selected Readings. Harmondsworth: Penguin. – 1972. – P. 269–293.
- 2 Babaev, D., Saipidinova, B., Babaeva, A., Alieva, B. and Abdullaeva, Z. Information and Communicative Competence Development in Prospective Teachers // Creative Education. – 2020. – T. 11. – № 1. P. 4. 10.4236/ce.2020.1112212.
- 3 Baguzina, E.I. Veb-kvest tehnologija kak didakticheskoe sredstvo formirovaniya inozazychnoj kommunikativnoj kompetentnosti (na primere studentov nejazykovogo vuza) [Web quest technology as a didactic means of forming foreign language communicative competence (using the example of students of a non-linguistic university)]. diss. kan. ped. Nauk. – Moscow, 2012. 38.p.
- 4 Qunanbaeva, S.S. Qazırgı shettıldık bılım berudın teoriyası men praktikası [Theory and Practice of Modern Foreign Languages Education]. – Almaty: Kazakh Ablai Khan University of International Relations and World Languages, 2010. – 92 p.
- 5 Canale, M., & Swain, M. Theoretical bases of communicative approaches to second language teaching and testing // Applied Linguistics. – 1980. – № 1. – P. 1-47. <http://dx.doi.org/10.1093/applin/I.1.1>
- 6 Bachman, L.F., & Palmer, A.S. The construct validation of some components of communicative proficiency // TESOL Quarterly. – 1982. – № 16. – P. 449-465. <https://doi.org/10.2307/3586464>
- 7 Serebrjanikova, M.A. Formirovanie gotovnosti studentov nejazykovyh special'nostej k professional'nomu obshheniju na anglijskom jazyke [Formation of readiness of students of non-linguistic specialties for professional communication in English]. diss. kand. ped. Nauk. – Astana, 2010. 142.p.
- 8 Kul'gil'dinova, T.A. Aktualizacija kognitivno-lingvokul'turologicheskoy metodologii inozazychnogo obrazovaniya v svete antropocentricheskoy paradigmy [Actualization of the cognitive-linguistic-cultural methodology of foreign language education in the light of the anthropocentric paradigm] // Bulletin Kazakh Ablai Khan University of International Relations and World Languages. No.4 (63) – 2021. – P. 9-10.
- 9 Tokayev, K.K. Jańa Qazaqstan: jańaru men jańǵyru joly [[New Kazakhstan: the path of renewal and modernisation]]. – 16.03.2022. [Electronic resource] – URL: <https://akorda.kz/kz/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevty-n-kazakstan-halkyna-zholdauy-1622340> (qol jetkizu kuni: 27.01.2024).

- 10 Stybaev, G.Zh., Musynov, K.M. Otchet po samoocenke obrazovatel'nyh programm bakalavriata, magistratury i doktorantury v ramkah specializirovannoj akkreditacii NAAR [[Report on self-assessment of Bachelor's, Master's and doctoral degree programs within the framework of specialized NAAR accreditation]]. – Astana: Nekommercheskoe akcionernoe obshhestvo «Kazahskij agrotehnicheskij universitet imeni S.Sejfullina», 2020. – 14 p.
- 11 Kusainov, D. Koronavirus v Kazahstane: vyzovy v sfere srednego obrazovaniya ili kak vynesiti offlajn urok iz [nesostojavshegosya] onlajn uroka [[Coronavirus in Kazakhstan: challenges in secondary education or how to learn an offline lesson from an online lesson]]. Central Asian Analytical Network. – 20.04.2020. [Electronic resource] – URL: <https://www.caa-network.org/archives/tag/kazakhstan> (qol jetkizu kuni: 04.01.2024)
- 12 Chalikova, A. T. Nauchno-teoreticheskie osnovy formirovaniya mezhkul'turno-kommunikativnoj kompetencii v uslovijah informatizacii inozazychnogo obrazovaniya [Scientific and theoretical foundations of the formation of intercultural communicative competence in the context of informatization of foreign language education]. diss. d-ra. ped. Nauk. – Almaty, 2009. 36.p.
- 13 Zhylytyrova, Zh.T. Teoretiko-prikladnye osnovy modelirovaniya sistemy professional'no-inozazychnoj podgotovki specialistov agroekonomicheskogo profilja [Theoretical and applied foundations of modeling the system of professional foreign language training of agroeconomics specialists]. diss. d-ra. filosofii. – Almaty, 2019. 78.p.
- 14 Mihajlova, T. V. Professional foreign language training of bachelors at non-linguistic faculties // Language education today –vectors of developmen. Materials of the V International scientific and Practical conference-forum. – 2019. – P. 48. – URL: <https://elibrary.ru/item.asp?id=42466713>

Received: 01.10.2025

MFTAP 16.01.07

DOI: [10.59102/kufil/2025/iss4pp302-316](https://doi.org/10.59102/kufil/2025/iss4pp302-316)

А.С. Кыдырбекова¹, Р.С. Рахметова², *Г.К. Капышева¹

¹Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті, Өскемен, 070000, Қазақстан

²Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы, 050010, Қазақстан

ЖАЗЫЛЫМ ДАҒДЫЛАРЫН ДАМУДА ACTION RESEARCH ӘДІСІН ҚОЛДАНУ: ТИІМДІ СТРАТЕГИЯЛАР МЕН ӘДІСТЕМЕЛІК ТӘСІЛДЕР

Зерттеу мақаласында Action Research әдістемесі оқу тәжірибесінде жазуды үйретуді жақсартудың тиімді құралы ретінде қарастырылады. Бұл тәсіл аясында қолданылатын негізгі стратегиялар мен әдістемелік тәсілдер талданады, олар мұғалімдерге оқушыларды оқу процесіне белсенді түрде тартуға, жазу дағдыларын жетілдіруге және білім беру процесін оқушылардың нақты қажеттіліктеріне бейімдеуге мүмкіндік береді.

Мақалада Action Research мұғалімдерге бақылау, талдау және түзетудің үздіксіз циклі арқылы жазуды үйретуде туындайтын мәселелерді тиімді шешуге қалай көмектесетініне назар аударылады. Әртүрлі жастағы және дайындық деңгейлеріндегі оқушылармен жұмыс істеу сияқты әртүрлі білім беру контекстінде Action Research қолданудың сәтті тәжірибелерінің мысалдары қарастырылады.

Оқушылардың рефлексиялық дағдыларын дамытуға ықпал ететін қалыптастырушы бағалауды қолдану, жоба жазу, өзара оқыту және кері байланыс сияқты әдістер де жан-жақты талқыланады. Мақалада жазуға үйрету үдерісін икемді және тиімді етуге мүмкіндік беретін мұғалімдер мен студенттер арасындағы ұжымдық әрекеттестіктің маңыздылығы атап өтілген.